

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау және қаржылыққа тұрақтылыққа жету жолдары

2. Сабақтың мазмұны:

1. Корпорацияның қаржылық жағдайы мен талдауы
2. Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау
3. Корпорацияның қаржылыққа тұрақтылыққа жету жолдары

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: қаржылық талдаудың мақсаттары, міндеттері, әдістері мен көрсеткіштерін сипаттауға; қаржылық талдау нәтижелерінің әлеуетті пайдаланушылары мен ақпараттық қамтамасыз ету түрлерін топтастыру; корпорацияның қаржылық жай-күйін бағалау әдістемесін және талдау кезеңдерінің реттілігін көрсету; корпорацияның өтімділік, төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштерін есептеу.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- Үйге берілген тапсырманы тексеру
- Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру
- Тақырып бойынша бақылау сұрақтары
 1. Қаржылық менеджер қызметінде қаржылық талдау рөлі қандай?
 2. Қаржылық талдаудың негізгі есебін атаңдар.
 3. Қаржылық талдаудың сыртқы субъектісін атаңдар.
 4. Қандай кәсіпорын төлемқабілетсіздік болып табылады?
 5. Корпорацияның қаржылық тұрақтылығын және өтімділігін талдау қалай жүргізіледі?
 6. Қандай жағдайда корпорация қаржылық тұрақсыз болып есептеледі?

- Пысықтау тапсырмалар

Есеп 1. Үш кәсіпорын берілген балансын (мың теңге) қоюллана отырып, жылдың басы мен соңындағы абсолютті өтімділік коэффициентін есептеңіз, жыл аяғында абсолютті өтімділік коэффициентінің көлемі қай кәсіпорында көбірек қысқарды және қай кәсіпорында осы көрсеткішті жеткілікті деп санауға болады.

	А кәсіпорыны		В кәсіпорыны		С кәсіпорыны	
	Жыл басында	Жыл аяғында	Жыл басында	Жыл аяғында	Жыл басында	Жыл аяғында
АКТИВ						
Негізгі қорлар	5250	7200	5803	5615	5560	7684
Ағымдағы активтер, соның ішінде	9750	10800	3713	2738	9419	10156
-өндірістік қорлар	3450	3600	1260	942	3449	3534
-дайын өнім	900	810	398	92	879	808
-ақшалай қаражаттар және қысқа мерзімді қаржылық салымдар	1350	1080	346	516	1405	1217
-дебиторлық берешек	2775	4140	1075	592	2876	3666
ПАССИВ						
Меншікті қор көздері	9000	10440	6949	6698	9080	10363
Тартылған қорлар, в т.ч.	6000	7560	2567	1655	5899	7477
-банктің қысқа мерзімді ссудалары	2805	4140	1290	680	2828	888
-несие берушілермен есептесу	3075	3420	1349	975	3069	6500

Есеп 2. №1 тапсырмасында көрсетілген кестедегі мәліметтер бойынша А кәсіпорнындағы ағымдағы өтімділік коэффициенті жылдың аяғында қаншаға өзгеретінін анықтаңыз, егер оның есепті жыл кезіндегі нормативтік қоры 450 мың теңгеге қысқарса.

Есеп 3. №1 есепте берілген кестедегі керекті мәліметтерді қолдана отырып, жыл аяғында кәсіпорындардың маневрлік коэффициентін есептеңіз, және қай кәсіпорында ағымдағы активтерді қалыптастыру үшін меншікті капиталдың 30% астамын жұмсағанын көрсетіңіз.

Есеп 4. Барлық үш кәсіпорынның сыртқы кредиторлар мен инвесторларға тәуелділік деңгейін анықтандар, ол үшін тәуелсіздік коэффициентін қолдаңызыз (№ 1 тапсырмадағы кестедегі мәліметтерді пайдаланыңыз).